

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидаларын бекіту туралы

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 512 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 18-02/201 бұйрығын қараңыз.

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

№

5 1 2

б е к і т і л г е н

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

2 4

с ә у і р д е г і

қ а у л ы с ы м е н

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 7-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының (бұдан әрі – қорық) аумағында арнайы бөлінген учаскелерде оның күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда биологиялық негіздеменің негізінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жол беріледі.

3. Қорықта әуесқойлық (спорттық) балық аулауды қорық әкімшілігі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес Марқакөл көлінің арнайы бөлінген учаскелерінде ұйымдастырады.

4. Арнайы бөлінген учаскелерде әуесқойлық (спорттық) балық аулау 1 мамырдан бастап 1 шілдені қоса алғанда, бағалы балық түрлерінің уылдырық шашу кезеңінен басқа, 1 ақпаннан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде жүргізіледі.

2. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау тәртібі

5. Әуесқойлық (спорттық) балық аулауға балық аулаушыда жеке басын куәландыратын құжаттар және әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама (бұдан әрі – жолдама) болған жағдайда жол беріледі.

6. Осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдаманы қорық әкімшілігі береді және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша нөмірленген, тігілген және қорық әкімшілігінің мөрі басылған қорықта әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдамалар беру журналына тіркейді.

7. Жолдамалар нөмірленеді және қатаң есептілік құжаты болып табылады.

8. Жолдама тұрғылықты жерінен анықтама және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгілеген ставкалар бойынша жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төленгенін растайтын құжаттар болған жағдайда беріледі.

9. Жолдама күнтізбелік 7 күнге дейін мерзімге беріледі, бір жолдамаға ауланатын балық көлемі 5 килограмнан аспайды.

10. Жоғалған және пайдаланылмаған жолдама қалпына келтірілмейді және ұ з а р т ы л м а й д ы .

11. Балық аулаушы әуесқойлық (спорттық) балық аулау басталар алдында қорықтың бақылау пунктінде тіркелу үшін осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырады.

12. Арнайы бөлінген әуесқойлық (спорттық) балық аулау учаскелері жергілікті жерде әуесқойлық (спорттық) балық аулау орындары туралы ақпараты бар көрсеткіш белгілермен белгіленеді.

13. Әуесқойлық (спорттық) балық аулау барлық жүйелер мен атаулардың (жылтырауық темір, қармақ, жерлицалар, спиннингтер) бір балық аулаушыға 5 данадан аспайтын ілгекті қармақтармен жүргізіледі.

14. Балық аулаушы осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес кестенің тиісті бағандарын толтырып, жолдамаға ауланған балықтың мөлшері мен түрлері туралы мәліметтер енгізеді.

15. Балық аулаушының ауланған балығы бақылау пунктінде қорықтың мемлекеттік инспекторына көрсетіледі, ол жолдамаға енгізілген мәліметтердің дұрыстығын тексеріп, қол қою арқылы куәландырады. Бұл белгі ауланған балықты тасып әкетуге немесе алып кетуге негіз болып табылады.

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидаларына 1-қосымша

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүзеге асыру үшін Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының аумағында Марқакөл көлінің арнайы бөлінген учаскелерінің тізбесі

1. № 1 учаске. Алаңы 615 га. Марқакөл көлінің Урунхайка селосына жанасып жатқан солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. № 1 учаскенің шекарасы шығыс және оңтүстік жағынан көлдің жағалау жиегімен өтеді, батыс шекарасы Тихушка өзені сағасы (оңтүстік-шығыс жағалау) мен «Второй мыс» (солтүстік-шығыс жағалау) аралығындағы көл айдынында орналасқан. Көлдің жағалау жиегіне қатысты № 1 учаскенің батыс шекарасы көл айдынында 900 метрден 1500 метрге

дейінгі

қашықтықта

өтеді.

2. № 2 учаске. Алаңы 150 га. Марқакөл көлінің Матабай ауылымен жанасып жатқан оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. № 2 учаскенің шекарасы оңтүстігінде Марқакөл көлінің жағалау жиегі арқылы өтеді. Батысында учаске Матабай өзенінің сағасымен, шығысында Первый Ключ өзенінің сағасымен шектеледі. Солтүстік шекарасы көл айдыны шегінде орналасқан, шығыс жағынан 400 метр және батыс жағынан жағалау жиегінен 1500 метр қашықтықта орналасқан.

3. № 3 учаске. Алаңы 85 га. № 3 учаске Төменгі Еловка селосына жапсарлас көлдің солтүстік бөлігінде орналасқан. Солтүстігінде шекарасы көлдің жағалау жиегі арқылы өтеді, батысында учаске Көктерек өзенінің сағасымен, шығысында Еловка өзені сағасымен шектеседі. Оңтүстік шекарасы көл айдыны шегінде жағалау жиегінен көлді бойлай 600 метр қашықтықта орналасқан.

4. № 4 учаске. Алаңы 30 га. Марқакөл көлінің Жоғарғы Еловка ауылына жанасып жатқан солтүстік бөлігінде орналасқан. № 4 учаске шекарасы солтүстігінде көлдің жағалау жиегімен өтеді, батысында учаске Бірінші Пихтовая өзені сағасымен және шығысында Соңғы Пихтовая өзені сағасымен шектеседі. Оңтүстік шекарасы көл айдыны шегінде және жағалау жиегінен көлді бойлай 500 метр қашықтықта орналасқан.

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті тұрғындардың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.06.2014 № 607 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті ТҮБІРТЕК №____	Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті ЖОЛДАМА №____	
---	--	--

«Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» ММ Кімге берілді _____ (Т.А.Ә.) Мөлшері _____ (кг) Балық түрі _____ Су бөгені мен учаскенің атауы _____ ----- Көлік _____ (түрі, маркасы, мемлекеттік нөмір белгісі) Қолданылу мерзімі: 20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы «__» _____ дейін Берілген күні: 20__ жылғы «__» _____ Жолдаманы алдым, Қағидалармен таныстым _____ _____ (Балықшының Т.А.Ә., қолы) Жолдаманы берген _____ ----- (Т.А.Ә.) ----- (қолы)	«Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» ММ Кімге берілді _____ (Т.А.Ә.) Мөлшері _____ (кг) Балық түрі _____ Су бөгені мен учаскенің атауы _____ ----- Көлік _____ (түрі, маркасы, мемлекеттік нөмір белгісі) Қолданылу мерзімі: 20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы «__» _____ дейін Берілген күні: 20__ жылғы «__» _____ МТҚ аумағына кіру кезінде көлікті тексерген меминспектор _____ (Т.А.Ә., қолы) МТҚ аумағынан шығу кезінде ауланған балық мөлшеріне бақылау жасаған меминспектор _____ (Т.А.Ә.) ----- (қолы)	ЖОЛДАМАНЫҢ сыртқы беті Балық аулау туралы мәліметтер Күні Балық түрі Мөлшері (кг) ----- ----- ----- ----- ЖИЫНЫ: Балық аулаушы _____ (Т.А.Ә.) ----- (қолы)
---	--	---

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзету аймағында тұратын жергілікті тұрғындардың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдамалар беру журналы

р/с №	Балық аулаушының Т.А.Ә.	Балық аулаушының тұрғылықты жері	Жолдама берілген күн	Жолдама нөмірі	Жолдаманың қолданылу мерзімі	Су бөгені мен учаскенің атауы
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

	Мөлшері		Қолдары
	_____ дана	_____ килограмм	_____ Балық аулауды бақылайтын адам _____ Жолдама алушы

Балық түрі			(Г.А.Ж.)	Жолдама беруші	
8	9	10	11	12	13

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК